



Автор: Аубакирова Толкын Конысбековна

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер

Тақырып: "Қызыл кітапқа" енген жануарлар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.5.1 — перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; 8.4.4.2 — нақтылық демеуліктерді жазбаша жұмыстарда қолдану
Сабақтың мақсаты:	Мәтіннен ақпаратты табу дағдысын дамыту; Мәтін бойынша ой қорытындысын жасай алу; Нақтылық демеуліктерді анықтау; Оларды сөйлемдерде қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Жойылып кету қаупі, төлқұжаты, сирек кездесетін түрлер, саны күрт азайып бара жатқан түрлер
Бағалау критерийлері:	Мәтіннен қажетті ақпаратты табады; Мәтін бойынша ой қорытындысын жасайды; Нақтылық демеуліктерді табады; Оларды сөйлемдерде қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	қоршаған ортаны қорғау, өмір бойы білім алу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивтік тақта арқылы бейнематериал тамашалау
Пәнаралық байланыс:	биология, экология, география

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5-7 минут)	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу, сыныпты түгендеу, оқушылардың сабаққа әзірлігін қадағалау. Оқушыларға «Мен сені көргеніме қуаныштымын, себебі» сөйлемді жалғастыру арқылы жағымды психологиялық ахуал туғызу. Қызығушылықты ояту «4 сурет 1 сөз әдісі». Сабақтың тақырыбы: «Қызыл кітапқа енген жануарлар». Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийін таныстыру . Бейнематериал тамашалау	https://www.youtube.com/watch?v=V8qSxEA3E5Y
Сабақтың ортасы (30 мин)	1- тапсырма.Сұрақтарға жауап беріңдер. - Қызыл кітап не үшін керек? - Қызыл кітапқа енген қандай жануарларды білесіңдер? - Олар қай жерлерді мекендейді? - Олар немен қоректенеді? - Оларды адамдар не үшін аулайды? - Ауылыңда Қызыл кітапқа енген жануарлар немесе құстар бар ма? 2-тапсырма. «Жүгіртпелі диктант» әдісі арқылы сөздікпен жұмыс жасау. Суретпен жұмыс Қызыл кітапқа енген жануарларды көрсету Мәтін тарату. 3-тапсырма. Мәтінді оқиды. «Балық қаңқасы» әдісі арқылы мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап,ой тұжырымдайды. Сергіту сәті. «Пазыл құрастыру» 4-тапсырма «Кім жылдам?» ойыны арқылы демеуліктерді қолданып, сөйлем құрастырады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (3 мин)	5-тапсырма. Жер бетінде жануарлар жойылып кетсе, не болады деп ойлайсың? «Ашық микрофон» деген айдармен өз жазғандарын оқиды. .	
Рефлексия (2 мин)	Кері байланыс: «Блоб ағашы» Үй тапсырмасы. Оқулық, 57-бет, 11-тапсырма	Оқушылар стикер арқылы өз орындарын белгілейді